ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
ШАРБАҚТЫ АУДАНЫ
ШАРБАҚТЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ШАРБАКТИНСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЩЕРБАКТИНСКОГО РАЙОНА
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

03.03.2026
Шарбақты ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 1-04/36
село Щербакты

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (*тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді*) жүзеге асыру жөнінде

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII Заңының 16-бабының 5-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша** тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен «Су тасқынына қарсы және осыған ұқсас іс-шараларды өткізу жөніндегі қызметтер» №85787602 тармақтары бойынша Мемлекеттік сатып алуды жүргізу, *«Егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін – төрт мың еселенген мөлшерден аспаса, біртекті тауарларды сатып алу республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері»* бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. 16-баптың 3-тармағының 28) тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілмен сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

М. Кожимов